Өнім беруші: "Қармақшы Жастары" ЖҚБ
БСН/БИН: 050240014431

ШАҒЫМ!

Қостанай ауданы әкімдігінің "Дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған **№16311221-ГСЗ1** Конкурстың атауы **Қостанай ауданында дзюдо күресін насихаттау және дамыту** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілген конкурстың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес, өлшемшарттарды дұрыс есептемеуіне байланысты комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Осы ретте, қағиданың 4-тарау 6-параграф 78 тармағына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкерлердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы болып табылады деп көрсетілген. Алайда, **техникалық ерекшелікте** жобаны жүзеге асыру үшін **біліктілік талап қойылмаған.** Сондықтан әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына ҚР қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес, (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамыздағы № 17314 болып тіркелген) бөлігіне бағалауға байланысты жобаны және әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға **барлығына – 0 балл беруді сұраймын.**

	қыздыру залы (спорт залының аумағы екі стандартты татами төсенішінің аумағына сәйкес болуы тиіс), бөлек қыздыру залы – 1 дана; – Тапсырыс беруші бекіткен төрешілер алқасын тарту: * дзюдо бойынша жоғары ұлттық санаттағы төреші – кемінде 1 адам; * дзюдо бойынша ұлттық санаттағы төреші – кемінде 1 адам; * дзюдо бойынша спорт төрешісі – кемінде 10 адам; – төрешілердің жұмысын ұйымдастыру және оларға еңбекақы төлеу, 10 төрешінің тәуліктік шығыстарын өтеу; – бір жас санаты және 10 салмақ дәрежесі бойынша турнирді ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ әрбір салмақ дәрежесі мен жас санатында кемінде 10 өңірден қатысушылардың келуін қамтамасыз ету; – ашылу, жабылу және марапаттау рәсімдерін ұйымдастыру
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Қостанай ауданында дзюдо күресін насихаттау және дамыту. Жеткізуші Қостанай ауданында дзюдо күресін дамытуға жәрдемдесуі тиіс. Әлеуетті жеткізуші жарыстарды ұйымдастыруды жетілдіру, спортшыларды даярлау, олардың спорттық шеберлігін арттыру, оқу-жаттығу жиындарын өткізу, сондай-ақ Қостанай ауданының дзюдо күресі бойынша құрама командасы спортшыларының Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасы, Қазақстан Республикасының Дзюдо федерациясы немесе Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге міндетті. Қызметтер шарт жасалған күннен бастап 2026 жылғы желтоқсан айына дейін көрсетіледі. Қостанай ауданында дзюдо күресін барлық жас санаттары арасында дамыту: кіші және аға жасөспірім ұлдар мен қыздар, жастар құрамасы және негізгі ерлер мен әйелдер құрамалары. 2026 жылдың қорытындысы бойынша осы қызмет шеңберінде қаржыландырылатын Қостанай ауданы спортшылары Қостанай облысының құрама командасының немесе Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасының құрамына енуі тиіс. Әлеуетті жеткізуші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін: Қостанай ауданында дзюдо күресімен айналысатын спортшылардың тізімін ұсынуға міндетті. Дзюдо күресі бойынша спорт ардагерлерімен

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара қолданылсын және тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз. Бағалау әділетті, заңға сәйкес орындалмаған жағдайда, құзырлы органдарға қосымша жүгінетімізді хабарлаймыз.